

**Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 248 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1876. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 273 бұйрығымен.

***Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 273 (қолданса енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.***

---

Аудиторлық қызметті лицензиялаудың тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 878 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Қоса беріліп отырған аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы вице-министрі Б.Б.Жәмішевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

***Қазақстан Республикасы  
Премьер - Министрінің***

***орынбасары - Қаржы министрі***

***Қазақстан***

***Республикасы***

***Қаржы***

***министрлігінің***

***2002***

***жылғы***

***30***

***мамырдағы***

***N***

***248***

***бұйрығымен***

***бекітілген***

***Аудиторлыққа кандидаттарды аттестациялауға қойылатын біліктілік талаптары***

1. Аттестацияға жоғары білімі және экономика, қаржы, есептеу-талдау, бақылау-тексеру немесе құқықтық салаларда соңғы жеті жылдың бес жыл ішінде

жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ғылыми-оқытушылықпен айналысатын және көрсетілген салаларда соңғы бес жылдың кем дегенде екі жылдық тәжірибелік жұмыс өтілі бар тұлғалар жіберіледі, ол құжаттық түрде расталуы тиіс.

2. Аудиторлыққа кандидаттар білімнің мынадай салалары бойынша емтихан тапсыру арқылы өз біліктілік деңгейін растауы тиіс:

- а з а м а т т ы қ            з а ң н а м а ;
- қ а р ж ы л ы қ            е с е п ;
- б а с қ а р у ш ы л ы қ            е с е п ;
- с а л ы қ            с а л у ;
- қ а р ж ы л ы қ            м е н е д ж м е н т ;
- а у д и т . < \* >

*Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 17 қазандағы N 503 бұйрығымен .*